



Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретін



Береке-бірлікке, ынтымақты тірлікке, жарасымды жақсылыққа ұйытатын қасиетті Рамазан айында өзегін таза ұстауды қажет ететін дін – дініміз, алтын арқаулы сан-салалы дәстүріміз туралы белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.

– Мырзаға, сіз бір сөзіңізде «Қазақ қайтсе қалады қазақ болып» деген едіңіз. Осы сөздің астарында үлкен ұғым, ұлттың келешегі мен болашағы жатқан секілді.

– Расында да қатты ойланатын кез келді. Қазақ болып тұтаспасақ, ұлт болып ұйыспасақ, мына аласапыран заманда көшке ілесе алмай қалуымыз мүмкін. Қазіргі біздің басты байлығымыз – Тәуелсіздік. Тәуелсіздік алдымен қазаққа керек. Қазақтың болашағы – қазақтың қолында. Қазақтың жерінің де, тарихының да, дәстүрінің де иесі – өзіміз. Әрине, ортақ мүддеге біріккен көпұлтты мемлекет екеніміз де рас. Дегенмен, қазақ алдымен өзін-өзі тануы керек, менталитетін, кісілігін түсінуі қажет. Біз опық жесек, алауыздықтан опық жеген халықпыз. Мұны біз тарихтан жақсы білеміз. Сондықтан да, ең алдымен, бізге керегі – ағайынның ынтымақ-бірлігі. Онсыз тарих көшіне ілесе алмай қаламыз. Ұлы бабаларымыздан қалған аманат осы. Шүкір, жиырма жылдан бері жұдырықтай жұмылған сол бірлігіміздің арқасында биікке көтерілдік, әлемге танылдық. Ендігі жерде оны өміріміздің мұратына айналдыру, жалғастыра беру үлкенімізге де, кішімізге де парыз. Бізге қазақ болып тұтаса түсу, ұлт болып ұйыса түсу қажет. Сөйтіп, өзіміз сыртынан қызығатын елдердің дәрежесіне жетуге тиістіміз. Ол үшін алдымен өзімізді-өзіміз сыйлай, қадірлей білуіміз керек. Өзіміздің жақсы қасиетімізді сақтап, терең тамырлы тарихы бар іргелі, келешекті ел екендігімізді өзгелерге таныта түсуіміз керек. Теріс пиғыл, жарамсыз әдеттерден, кері тартатын, елдің шырқын бұзатын жағымсыз мінездерден арылуымыз керек. Солай да болып жатыр.

Тәуелсіздік алған бас-аяғы жиырма-ақ жылдың өзінде көз алдымызда адам айтқысыз өзгерістер болды: заман өзгерді, қоғам өзгерді, адам өзгерді. Ұлы Дала төсінде бүтіндей жаңа мемлекет орнады. Оны әлем танып-мойындады, есіктегі басымыз төрге шықты, жер бетіндегі жұрт бізбен есептесе бастады. Астана қазақтың елордасы ғана емес, әлемнің ықпалды қаласына айналды. Құдайға шүкір, ынтымақты еліміздің тұғыры да бекіді, туы да асқақтап желбіреуде. Ұзына бойы тарихында Орда салмаған қазақтың Ақордасы да әлем саясатының бейбіт кіндігіне айналды. Тәуелсіздікті баянды еткен, байтағын бүкіл дүниеге танытып, мойындатқан; Елордасын да, Ақордасын да салып, елдігінің байрағын көкке желбіреткен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де әлемдік тұлғаға айналды. Осыншама дәулетті, осыншама салтанатты қазақ бұған дейін басынан кешкен жоқ. Ендігі жерде мұнша бақытты көтеріп кете алатын бізге қуат, сабыр, ақыл, парасат керек. Шүкір, бұл да біздің халқымызда баршылық.

Ақорданы ашарда қазақтың ата салтымен Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақтың көшбасында жүрсіздер» деп үш кісіні алып, үстімізге шапан кигізіп, қатарына тұрғызған еді. Олар: Әбіш Кекілбайұлы, Ақселеу Сейдімбек және мен. Бұл ата-салт, ұлттық дәстүр жолымен атқарылған іс еді. Бәріміз де қатты толқыған едік. Сол күні Ақорданың дастарқанынан алғаш дәм таттық. Сонда Мәртебелі Нұрекеңнің:

– Шүкір, осыған да жеттік. Жылқы мінезді халықпыз ғой, тарихта кешкен шырғаландарды, азапты, қасіретті ұмытып кетпесек болғаны. Бағымыз – Тәуелсіздік, дініміз – Ислам, бірақ біз ата жолынан, бабаларымыздың ақ жолынан таймауымыз керек, – деген еді тебіреніп. Біз әрқашан мұны жадымыздан шығармауға тиіспіз.

– **Осы идея ел тәуелсіздігін жариялағаннан бері темірқазық бағдар болып келе жатыр емес пе?**

– Солай. Мен айтпасам да діннің қасиетті екенін осы күні жұрттың бәрі біледі. Дін – кісіні парасаттылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа, төзімділікке, ұстамдылыққа, қадірлесуге, сыйласуға, ел мен елдің арасын жақындатуға, табыстыруға қызмет ететін үлкен құдіретіміз. Құдіреттің құдіреттілігін біле алмасақ шатысамыз.

Елбасының тізгін алған алғашқы күнінен бергі табанды жүргізіп келе жатқан елдік саясатына ризамын. Мен ол кісінің қасында көп жүрген адаммын. Елбасы ұлттық саясаттың тұғыры – ұлт тағдыры болу керек, қазақ ұлтының келешегі – ұлттық саясатта деді. Осының бәрін ақыл-парасатынан өткізіп, өзі жүргізіп отырған мемлекеттік саясаттың құламайтын тұғыры етіп алды. Бұған қоса, бүкіл қазақ елін мекендеп отырған ұлт пен этностардың ынтымақ-бірлігін ту етіп көтерді. Жер бетінде адам адам болып жаралғалы, дін дін болып таралғалы бірде-бір патша, бірде-бір басшы дәстүрлі, әлемдік дін өкілдерін біздің Елбасындай бір шаңырақтың астына жинай алған жоқ. Назарбаевтың біз әлі жеткізіп айта алмай жүрген бір құдіреті, ерекше қасиеті осында жатыр деп білемін. Астанада үш рет әлемдік діндер съезі өтті. Дін өкілдерінің басы бірігіп отырсын, ақылдасып отырсын, бір-бірімен керіспей, келісіп, ынтымақта болсын деп Бейбітшілік және келісім сарайын салып берді. Сол құтханада төрткүл дүниенің азуын айға білеген дін басылары басқосып, келелі кеңес құрып келеді. Осы арқылы да беделіміз артты, Мемлекет басшысының абыройы асты. Адам болып жаралғалы, дін болып өркендегелі, келістіре алмай келе жатқан бір мәселе бар. Ол – Ресейдің патриархын, Рим папасын бір дастарқанның басында отырғызу. Бұл да көптен бері сөз болып келеді. Мен осы мәселе де Нұрекеңнің бастауымен шешімін табады деген сенімдемін. Біздің елімізді төрткүл дүние бүгінде діндердің де ынтымақты мекені деп білетін болды. Осы арада ойыма мына бір оқиға оралып отыр. Өткен ғасырдағы бес жылға созылған сұрапыл соғыста немістер Еуропаның көптеген мемлекетінің ойранын шығарғаны белгілі. Бірақ Швейцарияға тиген жоқ. Себебі, бүкіл әлемнің қаржысы сонда жинақталған еді. Мен ойлаймын, жаман айтпай жақсы жоқ, бір қиын қыстау кезең бола қалса, біздің Астанамызды әлемдік діндердің орталығы деп кие тұтатындар да табылады. Астанаға ешкім қолын көтере алмайды. Мен Президенттің осындай алыстан ойлайтын терең ойына әркез қайранмын. Бізді ұстап келе жатқан да Елбасының осындай өміршең саясаты. Неше түрлі пәледен құтқаратын да осы саясат деп білемін. Жұртқа белгілі, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біз сияқты елдігін алған мемлекеттер өзара қақтығысып жатты. Жоқты іздейміз деп жүріп барынан айырылып қалды. Тіл-көзден сақтасын, біздің халқымыздың сол кезде табаны тайған жоқ, еліміз әбіржіген жоқ, дүрліккен жоқ, берік ынтымағын сақтап қалды. Бұл жерде миллиондарды ұйытқан діннің де рөлі аз емес деп ойлаймын.

– **«Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» дейсіз. Шынында, қасиетті қасіретке айналдырудан сақтасын. Бұл туралы сіз әңгімелеріңізде де, мақалаларыңызда да жиі айтып жүрсіз.**

– Иә, шыны да солай. Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің болады. Қасиетін қадірлей алмаған ел қасіретке ұшырайды. Мұны тарихтан жақсы білеміз. Дін – біле білгенге рухани азық, білмегенге – от, оттан өрт шығады. Біз кеше тоталитарлық заманның сұмдықтарын көрдік, басымыздан кештік. Қазақпын деп те айта алмадық. Ана

тілім – қазақ тілі деуден жасқандық. Қазір тіліміз туралы да, еліміз жайлы да еркін айта аламыз. Жаңа заман келді. Осындай күнге жетеміз деп ойладық па? Тілеуіміз оң, тәлейіміз зор болды ма, Тәуелсіздіктің арқасында осындай бақытқа бөленудеміз. Осы күнді Алаш арыстары қаншама аңсады. Осы күнді әдебиетіміздің ұлы тұлғасы Мұхтар Әуезов, академик Әлкей Марғұлан да, қазақ ғылымының атасы Қаныш Сәтбаев та көре алмады. Тәубемізден жаңылмайық. Жоғарыда да айттым, жылқы мінезді халықпыз ғой. Тез өзгере қалатын да мінезіміз бар. Содан құдай сақтасын.

Алғаш Тәуелсіздік алып, еркін ел болғанда жұрттың бәрі қуанды. Қорыққан да, қуанған да бір дегендей, қуаныштан жұрттың есі шығып кетті. Неше түрлі қозғалыстар пайда болды, шерулер өтті, әр түрлі діншілдер де шыға бастады, артық-кем сөз де айтылып жатты. Дін өрттей қаулады. Өзді-өзі былай тұрсын, жігіттер несібесінен құр қалғандай, жаппай балаларын да дінге баули бастады. Оны айтасыз, күні кеше үлкен қызметте болған кей бауырларымыз да дін туралы ақыл айтатын болды.

Мен Иран Ислам мемлекетінде біраз жыл елші болған адаммын. Әлгі маған уағыз айтқан азаматтар сол Иран еліндегі ашура туралы сөз қозғайды, сонда осы ашураның мағынасы қалай десем, әркімнен естігенін алға тартады. «Ашура» Мұхаммед пайғамбардың баласы Әзіреті Әлінің баласы Хусейннің азапты өліміне арналған ғой. Сондай сәтте менің ойыма атам қазақтан қалған «мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» деген сөз оралады. Кейде әсте-әсте жүріп жетейік демейміз, бірден қопарып тастаймын, бірден дүниені өзгертіп жіберемін немесе бірден жоямын дейтініміз бар. Бұл дамудың жолы емес, төңкерістің жолы. Қазір үлкендер былай тұрсын, талпына бастаған баланың басына тақия кигізетінді шығардық. Оны қажының тақиясы дейміз. Бір азамат ұлының басына шүберектен тіккен ақ тақияны кигізіпті, «Шырағым, атың кім?» дедім. Атын айтты. «Мынау не?» дедім, баланың басындағы шүберек тақияны көрсетіп. «Аға, Аллаға шүкір, ислам біздің санамызға келді, арманымыз еді, арманымызға жеттік» деді әкесі. Құптадым. «Бірақ баланы 18 жасқа келгенге дейін еркінен айырмасаң қайтеді, бала бала болып өсу керек қой» деп едім, қасындағы жары менің сөзімді қолдап, ерінің есе бермей жүргенін айтып шырылдап сала берді. «Шырағым, бұл бейкүнә бала, өз жолын ертең өзі табады, ел ілгерілейді, сен баланы қазірден нокталама. Еркінен айырма. Тақияны басы көтереді ғой, бірақ бұл тақияның салмағы өте ауыр» деп едім, әлгі азамат бірден келісті. Мен әлгі жігітті жолдан тайдырайын дегенім жоқ, баланың ақылы толып, есі жетілген соң өз бағытын өзі таңдасын, соған мүмкіндік берейік дегім келді.

Алла дінді адам үшін жаратты. Дінді қастерлейтін де, қадір-қасиетін қашыратын да, берекесін кетіретін де – адам.

«Естімеген елде көп», «жүре берсең, көре бересің» дегендей, осы күндері жасына жетпей ата сақалы беліне түсетіндерді де, жап-жас басымен уағыз айтатындарды да көріп жүрміз. Тіпті, әйелдер де елге уағыз айта бастады. «Үлкен отырып, кіші сөйлегеннен без» дейді қазақ. Мен өзім осы уақытқа дейін үлкеннің алдында бала-шағаның, әйел затының уағыз айтқанын естіген емес едім. Мұны да көруге тура келді.

Қайда барсаң да уағыз айтатындардың өлім туралы зарлап жатқанын көресің. Түбінде өлетінін әркім-ақ біледі ғой, соншама елге үрей тудырудың керегі не? Сонда біз жас ұрпақты «сен өлесің» деп тәрбиелеуіміз керек пе? Бақытты, мағыналы өмір сүр, еліңнің айтулы азаматы бол, жақсы кісі бол деуіміз керек емес пе? Ес кіре бастағанынан балаға «өлесің» деп отырсақ, оған өмірдің не керегі бар? Ақыры өледі екенмін ғой деп ол бала ажалынан бұрын пәлеге ұшырауы мүмкін.

Осы күндері әкелі-балалы екеуі отырып бір үйде, бір дастарқаннан дәм татпайтындар да шығып жатқан көрінеді. Дін әке мен баланы өйтіп бөлмесе керек еді. Көптеген отбасы діннен зар илеп, запыран құсып отыр. Исламның жолы бұл емес еді ғой. Осының бәрін екшеп ақылға салмай болмайды. Пайғамбарымыздың өзі де бір хадисінде: «Дінге шектен тыс берілмеңдер» деген екен ғой. Қасиетті Пайғамбарымыздың ақылына ден қояйық. Абай болайық, ағайын!

– Қазақ ислам дінін ежелден ұстап келе жатқаны белгілі. Оған адалдығына еш шүбә келтіре алмаса керек. Өзіңіз Хантәңірге балаған Мұқағали Мақатаев: «Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен, Өлмейтін, өшпейтұғын күнін білем. Таппайтын күнде тыным, түнде тыным, Мұсылман Мұхаммедтің үмметімін» деуі де содан болса керек.

– Иә, Мұқағали ақын Алланың қазаққа берген сыйы ғой. Ол өзің мысалға келтірген өлеңінің соңын былайша түйіндейді. «Дін – ғылымның анасы, Дін – ғылымның әкесі, Ғылым – діннің баласы, Дін – ғылымның көкесі» дейді. Исламды біздің халық баяғыдан-ақ бағалаған. Шынында, кейде саясаттың адастырғаны болмаса, Ислам дінін жоғары бағалаған жұртпыз. Біз кеше түгел ислам дінін ұстаған заманды көрдік. Бес уақыт намазын, 30 күн оразасын қаза қылмаған аталарымызды, әкелерімізді, әжелерімізді білеміз. Дін бізге бір күнде келіп, бірден дари қойған жоқ. Ислам қазақ шығарған дін емес. Халқымыз исламнан да бұрын дінді ұстанған. Баяғыда үлкен кісілер: «Иә, Тәңірім, қолдай гөр, жарылқай гөр!» деп отыратын. Иә, олар Тәңір дініне сиынған еді.

Ислам Отанды сүюге, туған халқын қадірлеуге, ата салтын әспеттеуге, ата-анасын сыйлауға, ардақтауға үндейді. Осы жолдан айнуға болмайды.

– **Қазір Отанымызда ислам дінін насихаттау мәселесі жеке адамдардың арасында көрініс таба бастаған сияқты. Сіз бұған не дер едіңіз?**

– Мен жоғарыда Елбасының дін туралы байлам-пайымдарын айттым. Осы таяу күндері «Егемен Қазақстан» газетінде Президенттің Жарлығымен құрылған Дін істері жөніндегі агенттік төрағасы, білімді де білікті азамат Қайрат Лама Шәріптің сұхбатын оқып шықтым. Онда діннің арғы-бергі тарихы да, бүгінгі хал-ахуалы да жүйелі сөз болған екен. Ислам діні бірлікті, бейбітшілікті, қайырымдылықты қалайтынын баса айтыпты.

Бұл дінді біз VIII ғасырдан бері ұстанып келеміз. Оны ата-бабаларымыз өз салтымен, өз дәстүрімен, өз өрнегімен, өз мазмұн-мағынасымен ұстаған. Біз де осыдан ауытқымауымыз керек. Сұрақта айтылған насихат мәселесіне келсек, менің қорқатыным – дінді ұстанған көптеген жастардың аузынан Отан, ұлт деген сөз шықпайды. Тек ислам дейді, керек болса осы дінді де дамытқан адамдар емес пе? Ендеше, дінді өзінің заманына қарай ыңғайлаудың еш артықтығы жоқ. Ойыма мына бір сәт түсіп отыр. 1995 жылы Иран Ислам Республикасының Президенті А.Х.Рафсанжани келді. Мен ол кезде Иранда елші едім. Екі мемлекет басшыларының жеке кездесуі өтті. Ол кездесуге екі елші қатыстық. Оңаша әңгіме үстінде Нұрсұлтан Әбішұлы әріптесіне Алматыда Иса пайғамбарды насихаттаушылардың көбейіп отырғанын айтып, сіздер ислам мемлекетісіздер, неге ислам дінін насихаттамайсыздар деп өзге дін насихатшыларының өріп жүргенін айтты. Х.Рафсанжани: «Ислам насихатты қажет етпейді. Ол тасты жарып шығып жатқан мөлдір бұлақ. Әр адамның жүрегіне жолды өзі табады. Исламға насихат жүрмейді» деді.

Қазір ислам дінін ақындар, өнер адамдары, өзгелер де насихат көзіне айналдырып жіберді. Мұның ар жағында саясат тұр. Дінді саясатқа айналдыруға болмайды. Біздің елімізде дінге мол мүмкіндік берілген. Соны шегінен асырып жібермеуге тиістіміз. Қажет десеңіз, дінге байланысты мереке ұлттық мереке қатарына қосылды. Бұл өте дұрыс болды. Жақында Президент дін ахуалына байланысты үлкен кеңес өткізді. Сонда ол кісі исламға, өзге дінге қарсы емес екенін, алайда, экстремизммен келіспейтінін атап айтты. Дінді насихаттап жүргендер осыны әркез есте ұстаса екен дейміз. Оны айтасыз, қазақ жеріне дінді әкелген адамдардың өзі дінді орынсыз, жөнсіз насихаттамаған. Мәселен, Ұлбикемен айтысқан Майлықожа, Күдеріқожа аузынан тікелей дінді насихаттаған сөзді таппайсың. Олар өлең мен өнерді дінді насихаттайтын құрал деген жоқ, өнерді өлмейтін алтын тұғыр деп бағалайды. Иә, өнердің жолы бір басқа, діннің жолы бір басқа.

– **Осы біз кейде дін мен дәстүрді шатыстырып алып жүрген жоқпыз ба?**

– Сөзіңнің жаны бар. Дәстүр халықпен бірге туады, бірге қалыптасады, бірге дамиды. Ұлттың дәстүрі ұлтпен бірге жасасады. Дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар. Ол заманына қарай жасарып, жаңарып отырады. Оған діннің де жасампаздығы әсер етпей қоймайды. Қазір біздің кейбір ағайындар дін мен дәстүрді шатастыра бастаған секілді. Кісі өлсе денесін суытпай жер қойнына бере салу керек дейді. Ал біздің ата-салтымызда өліктің де

рухын қадірлеген, қастерлеген. Алыс-жақын, ел-жұрты жиналып, арулап жер қойнына берген. Ол – тірілердің дүниеден өткендерге жасайтын ең соңғы парызы. Осының өзінде үлкен мән-мағына жатыр, үлгі-өнеге жатыр. Тәубаға кел, сен де осы дүниеге келген бір қонақсың деген ұғым бар. Адамнан асқан құдірет бар ма? Ал сол құдірет өмірден өткенде өлекседей көме сал деу санаға сыя ма? Сыймайды. Ол аз десең, сол өлген кісінің «жетісін, қыркын, асын берме» дегендер де шығып жүр. Бұл не сонда? Бұл діннің ісі емес қой. Бұл ұлттың салт-дәстүрі емес пе? Баяғы заманнан бері келе жатқан әдет-ғұрпымызға қиянат болып есептелмей ме? Осылай кете берсек, салтымыздан адасып, қалпымыздан жаңылып қалмаймыз ба? Бұл – халықтың дәстүрі, оның дінге қатысы жоқ. Түрк дәуірі, түрк қағанаты – бұл қазақ қағанаты деген сөз. Түрк қағанатының іргетасын қалаған, оны құрған негізгі рулар мен тайпалар кейін қазақ халқын құрады. Содан бері жалғасып келе жатқан ата-салтымыздан бір мысал келтіре кетейін. Кейінгіге сабақ болсын. VIII ғасырда Күлтегін батыр дүниеден өткенде басына ерлігінің куәсіндей ескерткіш орнатады. Батырдың ерлігін өшпестей етіп тасқа қашап жазады. Бабалар аңыр тасқа ойып жазып кеткен сөздерге назар салыңыз: «Күлтегіннің асында оның төрт мың жылқысын, ірі қара малын, алтын-күмісін, дүние-мүлкін түйғындар елге таратты» деп жазылған. Бұл діннің ісі емес, халықтық салтымыз ғой. Ендеше, халықтық салтымызды дінмен шатыстырып, қалың қауымды адастырмайық.

Осы арада менің көкейімнен кетпейтін бір сұрақ бар. Неге екенін қайдам, ислам мемлекеттерінің ауызбіршілігі көп жағдайда байқала бермейді. Өне бір жылы үстем күштің Иракқа басып кіргенін теледидардан көрдік. Әрине, ішінде болғанымыз жоқ. Сол кезде Ирак астанасы Бағдад қаңырап бос тұрды. Кейін қарасам, сол қалада жұрт көшеге сыймай жүрді. Өздері де қиратып жатты, өзгелері де опырып жатты. Бағдад кешегі өмір тарихы аңызға айналған Мысырмен қатар аталатын мұсылман әлемінің қасиетті қаласы емес пе еді? Сол Бағдадты тас-талқан етіп жатқанда, қалған араб мемлекеттері неге үндемеді? Ешқайсысы бас көтерген жоқ. Ислам мемлекеті дейміз, ислам діні дейміз. Ендеше, неге араб әлемі сол ислам дінінің айналасына топтасып, біріне-бірі қорған болмайды. Араб әлемі бірігіп бір әдет, айбат көрсетті, күш көрсетті дегенді білмеймін. Әрине, бейбіт дінді ұстайтын мемлекеттер солай болуы да керек шығар. Әйтсе де, рухани құндылықты қиратып жатқанда бұл қалай деудің орны бар тәрізді. Иә, біреуге доқ болудың керегі жоқ. Бірақ сен ел екенінді, сені ұстап тұрған діннің ислам екенін өзгеге мойындату да керек.

Ислам – ең соңғы, таза дін. Өзге діннің бар қасиетін бойына сіңірген дін екенін өмір дәлелдеді. Бұл дін – бірліктің діні. Осы бірліктің дінін біз де әспеттеуіміз керек. Оны елдің бірлігіне жаратып, ала-құлалықтан арылуымыз қажет. Ол үшін дінді терең түсінуге тиістіміз. Дін деген не? Ғылым. Наным. Мәдениет. Оны халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрінен, білім-білігінен, ой-санасынан, мәдениетінен, ғылымынан бөліп қарауға болмайды. Исламды насихаттап жүрген кейбір азаматтар осы жағына мән берсе екен деймін. Өзгенің ықпалына емес, өзіміздің ұлттық үлгімізге жүгінгеніміз жөн. Бір мысал айтайын, айтыс өнері қазақтың қанына сіңген, жан-дүниесіне жақын өнер ғой. Бостандық келгеннен кейін осы үлгі өрледі, өркендеді, заманға сай дамыды. Жасыратыны жоқ, кейінгі кезде осы өнерді де дін жайлап барады. Діндар болу үшін де білім керек. Сол дінді біздің ақындарымыз қаншалықты меңгерді? Қай дәрежеде біледі? Ол жағы белгісіз. Бір сәтте діншіл болып шыға келу көңілге күдік келтіреді. Діннің саясатқа айнала бастағанының бір мысалы осы. Дінді қолжаулыққа айналдырудың еш жөні жоқ.

Сақал қойғанның бәрін молда деп, ораза ұстап, бес уақыт намаз оқығанның, дінді насихаттап жүргеннің бәрін діндар деп айта алмаймын. Дінді бала жастан, ұзақ жылдар үйрену, игеру керек. Дін санаға, қанға, сүйекке сіңу керек. Дінді насихатқа айналдырып жүргендердің көбі Құранды оқи алмайды, бұзып оқиды. Еліктеушілер, ұрынушылар сондайдан шығады. Оларды көріп кеңес дәуіріндегі шала сауатты үгітшілер есіңе түседі. Құранды Құранның өз тілінде оқу керек. Алламен әркім қасиетті Құран тілінде тілдесуі керек. Құранның қазақ тіліндегі аудармалары әлі де сын көтермейді.

Дін саясаты да заманына қарай ыңғайлануы, оңтайлануы керек. Орта ғасырлардағы діни ұғыммен бүгінде өмір сүру, елдің саясатын жүргізу мүмкін емес. Дін істері жөніндегі агенттіктің де, Муфтияттың да, жер-жердегі имамдардың да халық алдындағы, дін жөніндегі жауапкершілігі арта бастады. Мұны олар дұрыс ұғынулары керек. Өйткені, діннің түп-төркінін білмейтіндік, терең жүрекпен сезінбеу, дінге жаппай көзсіз құлау елді саяси-ландыруға апарады.

– Дін мәселесінде сол діннің жетекшісі өзіңіз айтқан иамамдар екені белгілі. Ал олардың сауатты болуы ел ісі мен дінді қатар ұстап, жұртты таразы басында теңдей білуі де, уақытқа қарай өзін өзі түзеуі де үлкен рөл атқарса керек. Осы арада қажылық, уағыз айту туралы да ой байламыңызды білсек деп едік.

– Мен қай дәуірде де Алланы аузымнан тастамадым десем, артық айтқандық болмас. Өйткені, дінді ой-санасынан бір сәт те шығармаған үлкендердің көзін көрдік. Өнегесін де алып өстік. Күн сайын мешітке бармасам да бейсенбі, жұмада құтханамда Алладан ағынан тілеп отырамын. Адам исламды өмір бойы игеру керек. Заман түзелді, біз де сол заманға қарай түзелуіміз керек. Қазір не көп, молда көп. Елге уағыз айтып жүрген молдалар білімімен танылуы тиіс. Бәріміз молда болып кетуіміз міндет емес шығар. Кеудемізден Алланың ақиқатын шығармасақ болғаны. Қазір әр алуан әңгімеге арқау болып жүрген теріс пиғыл, теріс пікірлердің орын алуы, исламның ел ішінде тоқсан тарауға айналғаны білімсіздігімізден. Бір жарым миллиард халқы бар Қытайда 4 діни конфессия бар екен. Ал 16 миллион халық мекендеп жатқан Қазақ елінде 4 мыңнан аса діни бірлестік тіркеліпті. Бұл қай-қайсымызды да ойландыруы тиіс. Қазір барлық жерде мешіт салынып жатыр дейміз. Дұрыс-ақ. Бірақ сонда жүрген молдалар осы туралы ойланып көрді ме екен? Елді мекендердегі ала-құлалыққа олар неге көз жұмып жүр? Елдің бірлігі, мемлекеттің мәңгілігі бәрімізге ортақ емес пе?

Қажылық туралы сұрадың. Иранда біраз жыл елшілік қызмет атқардым. Сонда байқағаным, қажыға жыл сайын 5-7 миллионға дейін адам барып, бес парыздың бірін өтеп қайтады. Сол ирандардың басына тақия киіп, мен қажымын деп келгенін көрмеппін. Сөз сөйлегенде мен пәлен деген қажымын дегенін естімеппін. Ал біздің елде қажы көбейіп барады. Кім оларға қажысың деп куәлік берген? Қажылық – мұсылмандықтың бес парызының бірі. Өтеп қайтыпсың, қабыл болсын. Бұрынғы заманда қажылыққа барған аталарымыз пәлен жыл өзін оған дайындаған, ұзақ сапар шеккен. Қажылыққа небір қиындықтан өтіп жеткен. Қазір қажыға бару оңайлап кетті. Ұшып барады, ұшып келеді. Содан кейін мен қажымын деп шіренеді. Қажылыққа ниет қылғанның бәрін қажы деуге болмайды. Халықтың ұғымындағы Құнанбай қажы, Шәкәрім қажы дейтін қасиетті ұғымдар жоғалып барады. Қаптаған қажылардан ел қажы бастады.

Уағыз айту – үлгілік өнегесі. Біздің ата-бабаларымыз арысы ғұн, берісі кешегі түрік дәуірінде салтанат құрған діндерді дәстүрмен ұштастыра дамытқан. Оны мөлдір бұлаққа теңеген. Терең ұққан, алтын тұғырынан ауытқымау жолында болған. Олар да жиналған жерде уағыз айтатын болған. Басқа жерді қайдам, бала кезімізде уағызды білімі мықты, білігі зор адам ғана айтушы еді. Сондай адам мен білетін ғұлама Әбдірәсіл молда еді. Әкем өмірден өткенде басында құран оқыды. Оның оқыған құраны сүйегімді балқытып, жаныма дарып, қаныма сіңгені сонша, әкемнің өлгенін сол кезде ғана сезінген едім. Әбдірәсіл молданы өзгелер ұйып тыңдап отыратын. Уағзын ел тірлігімен, салт-дәстүрмен, әдеп-әдетімен ұштастырып отыратын. Қазір басына ақ орамал, ақ көйлек киген әйел, тақия киген бала да уағыз айта беретін болды. Бұрынғылар ата-салтқа сүйеніп, Пайғамбар жасына жетпеген еркек уағыз айтпайды деуші еді. Уағыз айту ақыл айту деген сөз. Ғибратты сөз айту. Ақыл айтатын адам өмірді көрген жасамыс, білімі бөлек болса керек еді. Ой өрісі де биік болуы қажет қой. Анасының құрсағынан шықпай жатып уағыз, ақыл айтатындар көбейіп кетті. Мұның өзі уағыз айтудың беделін түсіріп жібергендей көрінеді. Әйел, еркек демей, екінші бірі ертелі-кеш сарнай берсе, уағыздың қасиеті кетеді. Бір-бірімізге уағыз айтып жүргенде миссионерлерді көзден таса қылып алмайық. Олардың ішінде елді алапайдай бүлдіретіндер, бүлікшілер аз емес.

Бәрін де ақылға салуымыз керек. Қай істе де мемлекетіміздің баяндылығын, тәуелсіздігіміздің орнықты болуын ойлауымыз керек. Елдік істе Елбасының қасынан табылып, өткен ұрпақтың жетпеген биігіне жеткенімізді қадірлейік. Кейінгіге үлгі-өнеге көрсетейік. Соның бәрінде қазақ екенімізді, қазақ ұлтының ұланы екенімізді ұмытпайық. Өзгенің жылтырағына санамызды улатып, ұлттық әдет-ғұрпымыздан айырылып қалмайық. Мен бір мақаламда: «Әдептен озбаған, босқа құлашты созбаған, қарап жүріп тозбаған жақсы. Дәулетсіз бақ болмайды, қадірсіз тақ болмайды, жаңылмайтын жақ болмайды. Алладан сұрап, абайлап басып, анық сөйлеп жүрейік. Туралықтың туын ұстап, кісіліктің жолынан таймайық, ұлттық қасиетімізден, кісілік келбетімізден айнымайық; келешектің үмітін ақтайық, елдігімізді сақтайық» деген едім.

Қазақ халқының ардақты перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыз айтатындай, аспай-саспай, жаман жерді баспай жүрейік.

Үлкеніміз – үлкендіктің, кішіміз кішіліктің жолын білейік. Бекзаттықтан айнымайық, ағайын!

– **Сабақ алар салиқалы әңгімеңізге рахмет.**

Әңгімелескен Сүлеймен МӘМЕТ,

«Егемен Қазақстан» газеті, 24 тамыз, 2011 жыл.